

**Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Польша Республикасы Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімнің Атқару Хаттамасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 401 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 30 наурызда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасы Үкіметінің арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімнің атқару Хаттамасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасы Үкіметінің арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдау туралы келісімнің АТҚАРУ ХАТТАМАСЫ**

1997 жылғы 23 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді (бұдан әрі - Келісім) қолдану ережелерін анықтау мақсатында Халықаралық автомобиль тасымалдары туралы қазақ-поляк Аралас Комиссиясына қатысушы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Польша Республикасының Көлік және теңіз шаруашылығы министрлігінің өкілдері Келісімнің 11-бабының 3-тармағының негізінде төмендегілер туралы уағдаласты:

**1-бап**

*Қ ұ з ы р е т т і                      о р г а н д а р :*

Қазақстан тарабынан - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі,

Польша тарабынан - Польша Республикасының Көлік және теңіз шаруашылығы министрлігі, Польша Республикасының жалпы пайдаланымдағы жолдарының Бас дирекциясы (Келісімнің 7-бабының 1-тармағы) болып табылады.

**2-бап**

1. Тұрақты автобус қатынасын ашуға, маятниктік тасымалдарға және жолаушыларды тұрақсыз тасымалдауға арналған рұқсаттарды аумағында тасымалдаушының өзі орналасқан орны және оның автокөлік құралы тіркелген Қазақстан Республикасының немесе Польша Республикасының құзыретті органы

ұсынған жазбаша өтініш негізінде Қазақстан Республикасының немесе Польша Республикасы құзыретті органы береді.

2. Өтініш ұсынылған құзыретті органдар қабылданған шешімдер туралы мынадай ақпарат беру мерзімдерін сақтауы тиіс:

1) тұрақты автобус қатынасын ашуға арналған рұқсат беруге өтінішін алған күннен бастап 90 күн;

2) маятниктік тасымалдарды жүзеге асыруға арналған рұқсат беру өтінішін алған күннен бастап 30 күн;

3) тұрақсыз жолаушы тасымалдарын жүзеге асыруға арналған рұқсат беруге өтінішін алған күннен бастап 14 күн.

3. Осы Баптың 1-тармағына сәйкес берілген рұқсаттарды, олар берілген тасымалдаушылар ғана пайдалана алады. Оларды басқа тасымалдаушыларға беруге, ал тұрақсыз жолаушылар тасымалдары жағдайында рұқсатта көрсетілгеннен өзге автокөлік құралдары үшін пайдалануға тыйым салынады.

4. Рұқсатсыз орындалатын тұрақсыз жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыру кезінде автобус жүргізушісінің міндетті түрде құжаты болуы керек (сапар формуляры).

### **3-бап**

1. Белгіленген құрам шеңберінде алмастырылған жүктерді тасымалдауға арналған рұқсаттар Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасының заңнамасына сәйкес бір жолғы және:

1) Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасының аумақтары арасында тасымалдауға;

2) Қазақстан Республикасының немесе Польша Республикасының аумағы арқылы жүріп өтуге (транзит);

3) Қазақстан Республикасының немесе Польша Республикасының аумағынан үшінші мемлекетке немесе үшінші мемлекеттен Қазақстан Республикасының немесе Польша Республикасының аумағына тасымалдауға жарамды ретінде беріледі.

2. Рұқсат барып, қайтуға жарамды.

3. Рұқсат орындалатын тасымал немесе тасымалданатын жүк түрін шектеуі мүмкін.

4. Бір жолғы рұқсат белгілі автокөлік құралы үшін беріледі.

5. Ағымдағы күнтізбелік жылға берілген рұқсат келесі жылдың 31 қаңтарына дейін қоса алғанда жарамды.

6. Рұқсат мынадай мәліметтерден тұруы тиіс:

1) реттік нөмірі;

2) тасымалдаушының аты және мекен-жайы;

3) жобаланған арнайы міндеттер немесе рұқсатты пайдаланудың шарттары;

4) жарамдылық кезеңі, берілген орны және күні;

5) рұқсатты берген мемлекеттердің құзыретті органдарының мөрі және қолы;

6) автокөлік құралының, тартқыштың және тіркеменің/жартылай тіркеменің тіркеу

н ө м і р л е р і ;

7) рұқсат түрі туралы ақпарат.

7. Осы Баптың 6-тармағында көрсетілген рұқсат автокөлік құралында жүрудің барлық уақытында болуы тиіс.

8. Келесі күнтізбелік жылға арналған рұқсаттармен алмасу алдындағы күнтізбелік жылдың 15 желтоқсанына дейін жүргізіледі.

9. Рұқсат бланкісін:

Қазақстан тарабы - қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

Польша тарабы - польша, ағылшын, неміс және француз тілдерінде жасайды.

10. Тартқышы және тіркемесі/жартылай тіркемесі әртүрлі мемлекеттерде тіркелген автопоездар мен тасымалдау кезінде, егер тартуға арналған автокөлік құралы Қазақстан Республикасының немесе Польша Республикасының аумағында тіркелген болса, рұқсат барлық автопоезд үшін жарамды.

#### **4-бап**

Қауіпті жүктерді тасымалдау:

- Қазақстан Республикасының аумағы арқылы оның өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес, тасымалдаушыда арнайы рұқсат бар болған кезде;

Польша Республикасының аумағы арқылы 1957 жылғы 30 қыркүйектегі Қауіпті жүктердің халықаралық жол тасымалы туралы еуропалық келісімде (ҚЖХЖТ) көзделген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы 1957 жылғы 30 қыркүйектегі Қауіпті жүктердің халықаралық жол тасымалы туралы еуропалық келісімге (ҚЖХЖТ) қосылғаннан кейін қауіпті жүктерді Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдау осы Бапта көрсетілген Еуропалық Келісімде көзделген ережелерге сәйкес жүзеге асырылатын болады.

#### **5-бап**

Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасы құзыретті органдарының өзара уағдаластығы бойынша осы Атқару Хаттамасына жеке Хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және осы Атқару Хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылады.

#### **6-бап**

Осы Атқару Хаттамасы құзыретті органдар мемлекеттерінің заңнамасында көзделген мемлекетішілік рәсімдерді Тараптар орындаған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Атқару Хаттамасы белгіленбеген мерзімге жасалады және Келісімге сәйкес өзінің күшін тоқтатады.

Астана қаласында 2001 жылғы 30 наурызда әрқайсысы қазақ, польша және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндерінің күші бірдей.

Осы Атқару Хаттамасын түсіндіруде түсініспеушіліктер туындаған жағдайда құзыретті органдар орыс тілдегі мәтінін ұстанатын болады.

*Қазақстан Республикасының  
Көлік және коммуникациялар  
министрлігі үшін*

*Польша Республикасының Көлік  
және теңіз шаруашылығы  
министрлігі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ